

## Келес ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 287 қаулысы және Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 17-125-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментіне 2019 жылғы 4 қазанда № 5198 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 1, 5-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Келес ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Келес аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Келес ауданының жер қатынастары бөлімі мен Келес ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімінің бірлескен ұсынысына сәйкес, елді мекендердің шекаралары өзгертілсін:

1) 8,55 гектар жер участесі Ұшқын ауылдық округі, Ұшқын елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 161,9 гектар;

2) 95,44 гектар жер участесі Ұшқын ауылдық округі, Достық елді мекенінің шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 945,40 гектар.

2. "Келес аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен қаулы мен шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Келес ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы бірлескен қаулы мен шешімді Келес аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*A.Eсбаев*

*Аудандық мәслихат*

*H.Апсиков*

*сессиясының төрағасы*

*A.Тотиков*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК